«8D04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Калшабаева Маншук Женисбаевнаның «Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, заң ғылымдарының кандидаты, доцент Д.А Оспанованың

ПІКІРІ

Калшабаева Маншук Женисбаевнаның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасындағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелеріне арналған.

Қазіргі кезеңдегі әлемдік жағдай қоғамдағы агрессияның өскенін, саяси, этникалық экономикалық және отбасылық-тұрмыстық т.б. сияқты әлеуметтік конфликтілердің көрсеткішінің ұлғайғандығын дәлелдеп отыр. Конфликт кез келген мемлекеттің, қоғамның, әрбір адамның өмірінде әрқашанда өткір мәселе туындатады. Бірінші кезекте, конфликтінің туындағанын, оның уақыттың өтуімен күрделенгендігін және оны шешу қажеттілігін ұғыну маңызды болып саналады. Конфликтіні шешудің сот немесе әкімшілік рәсімдер сияқты дәстүрлі әдістері екі тарапты да қанағаттандыратын, сапалы шешім ұсына алмай жатады. Мұндай жағдайда конфликтілерді тиімді, жылдам және тараптардың мүдделерін қанағаттандыратын басқа жолдарын іздестіру қажеттілігі туындайды. Ондай әдістердің бірі ретінде медиация рәсімі шығады. Медиация институты Қазақстан үшін жаңа коммуникативті тәжірибеге ие және қазіргі уақытта ғылыми қауымдастық пен қоғам тарабынан медиацияға деген қызығушылық артып келеді.

Бұл жағдайлар осы диссертациялық зерттеудің өзектілігі мен практикалық маңыздылығын, оның тиімділігін арттыру мақсатында медиация институтының теориялық және құқықтық мәнін, оның қазіргі кезеңде жүзеге асырылу жағдайын зерттеу қажеттілігін анықтайды.

Ғылыми зерттеу жұмысы 3 тарау, 9 бөлімнен тұрады және зерттеу жұмысының алдына қойылған міндеттер толық көлемде атқарылған. Дәлірек айтсақ дауларды балама шешудің тәсілі ретінде медиацияның табиғаты мен негізгі түрлері зерделеніп, оның басшылыққа алар қағидалары, сондай-ақ дәстүрлі құқық мәдениеті бойынша билер мен ақсақалдар институтымен тарихи сабақтастығы зерттелініп, медиация рәсімін жүргізуші орталық субъект медиатордың құқықтық мәртебесінің мәселелері анықталады, түрлі құқық салаларында медиация рәсмін қолданудың ерекшеліктері талқыланып, шет ел заңдары бойынша салыстырмалы- құқықтық талданады. Медиацияның ерекше түрі ретінде этномедиация мәселесі қозғалатынын айту керек. Жоғары құқықтық мәдениет көрсеткіші ретінде медиацияның Қазақстандағы даму мәселелері талданып, зерттеушінің осы бағытты жетілдіруде ұсыныстары келтіріледі.

Автордың ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа, негізделген. Тиісті әдістемелерді, эмпирикалық, теориялық-құқықтық және

нормативтік материалдар жеткілікті кең ауқымда зерделенген. Автор нормативтік құқықтық актілер мен ұлттық баяндамаларға, есептерге сүйене отырып, тақырыпты терең зерттеп, өз көзқарасын қалыптастыра алған. Медиация институтының республикадағы жай-күйіне, даму перспективаларына баға беріледі.

Зерттеу жұмысын жазу барысында ізденуші отандық, Ресей, Еуропа, АҚШ, Қытай, Сингапур елдерінің медиация туралы заңдары талданып, көрнекі ғалымдарының еңбектеріне кең ауқымда шолу жасалған. Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде, кәсіби ғылыми тілмен жазылған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері ізденушінің өзі және авторлар ұжымымен дайындаған халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда, ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған және бекіткен ғылыми журналдарда, сондай-ақ халықаралық конференциялар материалдарында жарық көрген.

Қорыта келе, Қалшабаева Маншук Женисбаевнаның «Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырушылық - құқықтық мәселелері» тақырыбындағы «8D04201 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысы барлық талаптарға сәйкес келеді және қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші:
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ, заң факультеті
азаматтық құқық және азаматтық
іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының
доценті, з.ғ.к. **Д.А. Оспанова**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

«27» 01 2026

ҚҰЖАТТАРМЕН
САМТАМАСЫЗ ЕТУ
БӨЛІМІ